

**Ақтөбе облысы әкімдігінің бірлескен ҚАУЛЫСЫ
және облыстық мәслихаттың ШЕШІМІ**

Ақтөбе қаласы

№61/17

2021 жылғы 24 ақпан

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің «Ақтөбе
Жоғарыауылшаруашылық колледжі»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорнын қайта атау жөніндеуісін енгізу
туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы №281 «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» қаулысына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 11-бабының 4-2) тармақшасына сәйкес, колледж ұжымының ұсынысын ескере отыра, Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫЕТЕДІ** және Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

«Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ақтөбе Жоғары ауылшаруашылық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнын «Шығанақ Берсиев атындағы Ақтөбе Жоғары ауылшаруашылық колледжі» деп қайта атау туралы ұсыныс Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының қарауына енгізілсін.

Облыс әкімі

О. ОРАЗАЛИН

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

А. НУГМАНОВ

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

С. ШЫНТАСОВА